

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
«Тауарлар мен көрсетілетін
қызметтердің сапасы мен
қауіпсіздігін бақылау
комитеті» РММ төрағасының
20__ жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Камистад®-Гель N

Саудалық атауы
Камистад®-Гель N

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Гель 10 г

Құрамы

<p>100 г гельдің құрамында</p>

<p><i>белсенді заттар:</i> лидокаин гидрохлориді – 2,0 г
түймедақ гүлдері экстрактісі (1:4-5) – 18,5 г

<i>қосымша заттар:</i> бензалконий хлоридінің 50% ерітіндісі, даршын майы (қабық), натрий сахарині, карбомерлер, трометамол, құмырсқа қышқылы 98 %, этанол 96 %, тазартылған су. </p>

Сипаттамасы

Қатты кристалдарсыз, сарғыш-қоңыр түсті гомогенді гель

Фармакотерапиялық тобы

Ас қорыту жолы және зат алмасу. Стоматологиялық препараттар. Ауыз қуысы ауруларын жергілікті емдеуге арналған басқа препараттар. Басқалары.

АТХ коды А01АD11

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Фармакокинетикасы зерттелмеген.

Фармакодинамикасы

<p>Камистад®-Гель N жергілікті қолданғанда анальгетикалық, қабынуға қарсы, бактерияға қарсы және регенерациялайтын әсері бар. </p>

<p>Лидокаин амид типті күшті жергілікті анестетик болып табылады, оның әсер ету механизмі жүйке талшықтарына натрий енуін бәсеңдетуге негізделген. Түймедақ, сондай-ақ оның гүлдерінен алынған сұйық экстрактінің құрамында түрлі құрылымды және оның қабынуға қарсы, бактерияға қарсы және регенерациялайтын қасиеттерін қамтамасыз ететін заттар кешені болады. Олардың ішінде анағұрлым 50%-дан астамын құрайтын сесквитерпендердің емдік маңызы зор, сондай-ақ хамазулен және α -бисаболол болып саналады. </p>

Қолданылуы

– ауыз қуысы мен қызыл иектің орташа қабынуында

Қолдану тәсілі және дозалары

<p>Ауыз қуысының шырышты қабығына жағуға арналған. </p>

<p>Ұзындығы ½ см Камистад®-Гель N жолағын қабынған жерлерге тәулігіне 3 рет, жеңіл ысқылап жағады. </p>

<p>Препараттармен емдеу ұзақтығы шектелмеген. Егер қабыну симптомдары бір апта ішінде азаймаса, дәрігермен кеңесу қажет. </p>

Жағымсыз әсерлері

<p>Препараттың жағымсыз әсерлері ағзалар жүйелерінің әрқайсысына қатысты кездесу жиілігіне байланысты, мынадай жіктеуді пайдаланып жүйеленген: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$), жиі емес ($\geq 1/1\ 000$, $< 1/100$), сирек ($\geq 1/10\ 000$, $< 1/1\ 000$), өте сирек ($< 1/10\ 000$) немесе белгісіз (қолда бар деректер бойынша бағалауға келмейтін). </p>

<p><i>Жиі емес</i> </p>

гель жағылғаннан кейінгі өтпелі күйдіру сезімі

<p><i>Өте сирек</i> </p>

аллергиялық реакциялар (мысалы, жанаспалы аллергия), оның ішінде, айқаспалы аса жоғары сезімталдықтың есебінен күрделі гүлдер тұқымдас өсімдіктер (мысалы, кәдімгі жусанға) мен перу бальзамына (<i>Myroxylon</i> түрінің ағаштары қабығынан алынған қарамай) аса жоғары сезімталдығы бар пациенттерде.

<p>Аса жоғары сезімталдық реакцияларының дамуы жағдайында препаратты қолдануды тоқтатып, дәрігермен кеңескен жөн. </p>

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың кез келген компонентіне немесе басқа да жергілікті анестетиктерге аса жоғары сезімталдық
- 12 жасқа дейінгі балалар
- жүктілік және лактация кезеңі

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Камистад®-Гель N емдік дозалар шегінде басқа препараттармен өзара әрекеттесуі белгісіз.

Айрықша нұсқаулар

Камистад®-Гелін N көзге тигізіп алудан сақтану керек. Препаратты ашық жараларға жағуға болмайды. Камистад®-Гелін N жаққаннан кейін қолды мұқият жуу керек. Бензалконий хлориді терінің тітіркенуін туындатуы мүмкін.

Жүктілік және лактация кезінде қолдану

Жүктілік және лактация кезеңінде Камистад®-Гель N қолдану туралы деректер жоқ. Осыған байланысты жүктілік және лактация кезінде препаратты қолдануға болмайды.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препараттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етуі туралы деректер жоқ.

Артық дозалануы

Камистад®-Гель N препаратымен артық дозалану немесе уыттану жағдайлары анықталмаған.

Шығарылу түрі және қаптамасы

<p>10 г-ден эпоксифенол шайыры негізінде іші қорғаныш лакпен жабылған, полиэтиленнен жасалған бұрандалы қақпағы бар алюминий сықпада.</p>

<p>Сықпа медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.</p>

Сақтау шарттары

<p>25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.</p>

<p>Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!</p>

Сақтау мерзімі

<p>5 жыл</p>

<p>Сықпаны алғаш ашылғаннан кейінгі сақтау мерзімі – 12 ай.</p>

<p>Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.</p>

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші

ШТАДА Арцнаймиттель АГ

<p>Штадаштрассе 2 - 18

D-61118 Бад Вилбель, Германия

телефон: + 49 6101 603-0

телефакс: + 49 6101 603-259

веб сайт: <a

href="http://www.stada.de"

target="_blank">http://www.stada.de</p>

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

ШТАДА Арцнаймиттель АГ, Германия

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Нижфарм-Қазақстан» ЕҰ» ЖШС

050011, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 258В үй

тел.: (727) 2222-100

факс: (727) 398-64-95

e-mail: almaty@stada.kz